

## **The image of Kazakh linguoculture in the perception of readers of translingual Kazakh literature (based on the results of a free associative experiment)**

Zh. G. Temirova

Sh.Ualikhanov Kokshetau State University, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan

*The article is devoted to the study of the perception of transcultural Russian-language literature. The concept of «Music» is considered as an image of the Kazakh linguoculture objectified in the novel of the Kazakh bilingual writer Rollan Seisenbayev «The dead wander in the sands». The authors analyze the representatives of the concept «Music» in the lexical and phraseological system of the Russian language based on lexicographic sources, as well as specific verbalizers of this concept in the artistic discourse of the Kazakh author. The results of a psycholinguistic experiment are presented, the associative layer of the artistic concept «Music» is characterized, which arises in the minds of potential readers of R.Seisenbayev's works, for whom, like the author himself, transcultural perception of reality is characteristic.*

*Key words: transculturality, the image of Kazakh linguoculture, the concept of «Music», bilingual writer.*

Received: 15.07.2023

MFTAP 17.09

DOI: [10.59102/kufil/2023/iss3pp130-140](https://doi.org/10.59102/kufil/2023/iss3pp130-140)

### **Е. Тоқтарбай**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Семей, 071400, Қазақстан Республикасы

## **АЛАШ ЖӘНЕ ТҮРКІЛІК ТАНЫМ**

*Мақалаға ХХ ғасыр басындағы түрк қоғамындағы ұлттық ояну, модернизация мәселесі, алаш арыстарының шығармалары арқау болған. Зиялылардың ұлттық ұлттық идентификациясын (қалыбы мен болмысы) сақтау, қорғау турасындағы көзқарастары мен ой, пікірталас қайшылықтары жан-жақты талданады.*

*Мақалада алаштанушы-ғалымдардың ғылыми еңбектері басшылыққа алынып, пікірлері сараланады.*

*Мақаланың негізгі мақсаты мен міндеті – Алаш әдебиетінен алаш мәселесін және қазақ ұлтшылдығының жарқын үлгісін анықтау.*

*Алаш ұлт-азаттық қозғалысын ұйымдастырған оқымыстылардың жаңа Қазақ мемлекетінің іргетасын қалағаны да сөз болады. Сонымен қатар Алаш қайраткерлері А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, М. Жұмабайұлы, С. Торайғыр шығармаларындағы «түркілік таным», оның мағынасы қандай деген сауалдарға жауап беріледі.*

*Кілт сөздер: Алаш идеясы, ұлт-азаттық қозғалыстары, түркілік таным, ұлтшылдық мәселесі, ұлттық болмыс, алаш әдебиеті.*

## **НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР**

Түркістан, Еділ-Орал бойын қоныстанған халықтардың бәрі Ресей патшалығы отарлық саясатының зардабын тартып, езгісін көрген болатын. ХІХ ғасырдың екінші жартысында Түркістан аймағын толық бағындырған Ресей империясы өзінің саяси ықпалын күшейту мақсатында отарларын орыстандырып, шоқындыруды қарқынды қолға ала бастады. Қазан қаласында рухани академия ашылып, «Противомусульманская кафедраның» меңгерушілігіне Николай Ильминский тағайындалады. Қазан, Мысыр медреселерінде діни білім алған Н.

Ильминскийдің миссионерлік саясаты аса жылдам орындалып, Түркістан өлкесінен ислам дінін, түрк халықтарының ділін, тілін, дәстүрі мен әдет-ғұрпын жоюға қарсы әрекеттер жасала бастады.

## КІРІСПЕ

Ресей империясының теріс пиғылын, арам ниетін ерте түсінген түрк оқымыстылары отарлық саясатқа қарсы күрес ұйымдастыруға үн қосып, қоғамды оята бастады. Дәстүрлі медреселер мен мектептерге реформа жасап, жәдитшілік ағымындағы жаңа әдісті білім беру бағдарламасын жасаған Исмаил Гаспыралы «Тәржіман» газетін шығарып, Ресей түрк-мұсылмандарының санасын, көзқарасын қалыптастырады. Миссионер Н. Ильминский мен жәдитші И. Гаспыралының көзқарастарының күресі ушығып, саяси қозғалысқа айналып кетеді.

Жалпы ХХ ғасыр басында Түркістан, Еділ-Орал, Анадолы түрктерінің бәрінде модернизациялық өзгерістер сипат бере бастады. Түркістан, Еділ-Орал түрктері отарлыққа қарсы азаттық, еркіндік қозғалысын ұйымдастырса, Анадолыдағы түрктер Осман империясын құлдыраудан сақтауға қарсы күресе бастаған болатын.

Бұқаралық толқу ұлттық баспасөз беттерінде пікірталасқа ұласып, ең ақырында талап-тілек ұлттық мүддені көтерген құқықтық-саяси ұлт-азаттық мәнге ие болды.

1925 жылға дейін бүгінгі Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан республикалары қоныстанған территория Түркістан деп аталғаны белгілі. Түркістан өлкесіне Совет үкіметі орнығып, билігін жүргізгеннен соң, жергілікті халықтарды бір-бірінен айырып, үш Советтік республика құрады. Советтік идеология қасақана Түркістан өлкесі, Тұран даласы сөздерін ұмыттырады. Санамыздан мәңгілікке «Түрк» деген ортақ ұлттық идентификациямызды (қалыбымыз) өшіріп, «Түрк бірлігі» деген сөз «Советтік мәдениет», «Совет адамы», «Совет қоғамы» сөздерімен алмастырады.

Қазіргі уақытта Түркістан деген сөз тек қала атауы деген ұғымды білдіретін сөзге айналған. Біз осы мақаламызда байырғы Түркістан өлкесі деген тарихи атауды жаңғыртуды жөн санадық.

Түркия республикасының гуманитарлық ғылым (тарих, әдебиет, саясаттану, элеуметтану т.с.с.) салаларында «Түркістан» ұғымы әлі күнге дейін қолданылып, бекіген тұжырым ретінде қабылданады. Мысалы, Түркияда Ахмет-Зәки Тоған<sup>1</sup>, Абдулуахап Оқтай<sup>2</sup>, Баймырза Хайит<sup>3</sup>, Надир Девлет<sup>4</sup>, Мехмет Сарай<sup>5</sup>, Ихсан Ильгар<sup>6</sup>, Жафер Сейдахмет<sup>7</sup>, т.б. ғалымдардың бұл тақырыпта бірқыдыру зерттеу жұмыстарын жүргізіп, диссертациялық жұмыс қорғап, еңбектер жазған.

Сонымен қатар патшалық Ресей империясының ыдырау және Совет Одағының құрылу тарихын зерттеген батыс зерттеушілері Александр Беннигсен мен Шанталь Лемерсиер<sup>8</sup>, Элизабет А. Бэкон<sup>9</sup>, Эдвард Олворт<sup>10</sup>, Адиб Халид<sup>11</sup>, т.б. отарлық езгі тартқан түрк-мұсылман қоғамы туралы кітаптар жазған болатын.

Сөзімізді жинақтай айтқанда, бүгінгі Қазақстан 1921-1991 жылдары Совет Одағының құрамында болған кезеңінде төл тарихымызды тану, зерттеу мүмкін болмады. Қазақ тарихы

<sup>1</sup> Zeki Velidi TOGAN: Bugünkü Türkili, Türkistan, İstanbul, 1981

<sup>2</sup> Oktay, Abdolvakap Türkistan Milli Hareketi ve Mustafa Çokay İstanbul, 1950

<sup>3</sup> Baymirza, HAYIT: Türkistan Devletlerinin Milli Mücadeleleri Tarihi, Ankara, 1995

<sup>4</sup> Devlet, Nadir, Rusya Türklerinin Milli Mücadele Tarihi (1905-1917), TTK, Ankara, 2014

<sup>5</sup> Saray, Mehmet, Kazakların Uyanışı, TİKA yayımları, Ankara, 2004

<sup>6</sup> Ilgar, İhsan, Rusya'da Birinci Müslüman Kongresi Tutanakları, Kültür Bakanlığı yay, Ankara, 1990

<sup>7</sup> Seydahmet, Cafer, Rus İnkılabı, Cumhuriyet Matbaası, İstanbul, 1930

<sup>8</sup> La Presse Et Le Mouvement National Chez Les Musulmans de Russie Avant 1920

<sup>9</sup> Elizabeth A. Bacon, "Central Asians under Russian Rule" («Ресейдің үстемдігі астындағы Орта азиялықтар»), New York, 1966, 1968.

<sup>10</sup> Edward Allworth, Central Asia 130 Years of Russian Dominance: A Historical Overview (Орталық Азияда Ресейдің үстемдігіне 130 жыл: тарихи шолу), Durham, Duke University Press, 1989, 1994

<sup>11</sup> Adeb Khalid, The Politics of Muslim Cultural Reform: Jadidism in Central Asia, University of California Press, 1999

КПСС тарихы аясында және марктік-лениндік көзқарас негізінде жазылғаны ақиқат. Советтік-социалистік идеология цензурасының талабына сай емес тарихи зерттеулер басылмайтын. Жеке басқа табыну, сталинизм цензурасы бойынша «панисламист», «пантюркист», «шпион», «контрреволюционер», «халық жауы», «Совет үкіметіне жат элемент» ретінде танылған Алаш ағартушыларының атын атауға, еңбектерін насихаттауға, ғылыми-әдеби шығармашылық мұрасын зерттеуге қатаң тыйым салынған. Тек Н.Хрущевтің жылымық дейтұғын кезеңінде әдебиетші ақын-жазушыларға жол ашылды да, таза ұлттық бағыттағы саяси сахна ерлеріне басылған қара таңба өзгеріссіз, сол күйінше қалды. Төл тарихымыздан сызылып қалған «ақтаңдақтар» мәселесі кейінгі Н.Горбачевтің демократиялық жариялық және қайта құру кезеңінде ғана ашылып, репрессия құрбандары ақтала бастады.

Ал Алаш қозғалысы, оның жетекшілері мен өкілдері туралы іргелі зерттеулер Батыс елдерінде, Түркияда 1925 жылдан бастап ешқандай қиындықсыз, тосқауылсыз жазылып, ақиқаты жан-жақты ашық зерттелгенін ескерсек және ол еңбектердің қазақ аудиториясына жетпегенін, ана тілімізге аударылмағанын назарға алсақ, XX ғасыр басындағы ұлт-азаттық күресіне ғылыми тұрғыда толық бағасын бердік деп айту жаңсақ болады деп ойлаймыз.

## МАТЕРИАЛДАР МЕН ТӘСІЛДЕР

Қазақстанда Алаш қозғалысы, оның жетекшілері мен өкілдері, мүшелері жан-жақты зерттеліп, өз алдына жеке тұлғатану ғылым саласы ретінде қалыптасты. Бірақ, Алаш тақырыбын зерттеу мәселесі тек Қазақстанның тарихымен ғана байланыстырылып, шектеліп қалғаны жасырын емес. Алаш қозғалысы – XX ғасыр басындағы түрк әлеміндегі ұлттық бұлқыныс тудырған азаттық күрестерінің бірегейі. Өкінішке қарай, елімізде бұл қозғалысты жалпы түрк әлемі қозғалыстарымен қатар біріктіріп зерттеу, тану мәселесі қолға алынбаған, әлі ғылыми айналымға түспеген тың тақырып.

Мақалада Алаш әдебиеті және алаш қозғалысының туу, қалыптасу тарихы XX ғасыр басындағы басқа да түркі тілдес халықтардың қоғамдық-саяси, рухани-мәдени қозғалыстарымен салыстыра зерттеледі. Е.Тілешов, Д.Қамзабекұлы сынды іргелі ғалымдардың еңбектері басшылыққа алынды.

Тақырыпты игеру, мәселені зерттеу барысында типологиялық, тарихи және жүйелік әдіс, жалпы ғылыми және арнайы-тарихи әдіс, сонымен қатар талдау, синтез және логикалық әдістер қолданылады. Әрине, әдіснамалық негіз – объект ретінде өткенді танудағы әдеби-тарихи салыстырмалы қағидасы мәдени-тарихи процестерді қайта құрудағы шындыққа негізделеді.

## НӘТИЖЕЛЕР

XX ғасырдың алғашқы онжылдығында ұлттың қалыптасуы мен ұлтшылдық теориясын негіздеген еңбектер жазыла бастады. Мысалы, 1904 жылы Мысырда Жүсіп Ақшора<sup>12</sup> (Юсуф Акчура) татар текті ғалымының «Үш түрлі саясат» деген кітабы жарияланады. Кітапта саясаттың үш стилі – түркшілдік, мұсылманшылдық, ұлтшылдық туралы жазылады. Осы кітаптан соң, түрк әлеміне үш түрлі саясат стилі ұғым ретінде орныға бастайды.

Түркістан өлкесінде үш стиль саясаты бірден қалыптасып, даңғыл жолға түсіп кетпеді. Себебі XIX ғасырдың екінші жартысына дейін діни білімнің орталығы – Бұхара, Самарқан қалалары саналатын. Өйткені бұл қалалардағы негізгі діни медреселерде тек құран, шарифат, фикһ сықылды схоластикалық пәндерден дәріс жүргізілетін. Гаспыралының мұсылман-түрк қоғамындағы мектептерге жасаған реформасында тек діни ілімдер ғана емес, оның сыртында тәпсір, хадис, тарих, жағрапия, есеп-қисап, арифметика, логика, француз, неміс тілдері, т.с.с. дүниеауи ілімдер де оқытылуы тиіс болатын. Гаспыралының идеясына, реформасына қарсы

<sup>12</sup> Akçura, Yusuf. Üç Tarz-ı Siyaset. Ankara, Lotus Yayıncılık, 2005

шыққан қадымшылар (ескі оқу жүйесінің негізін салушылар) ұлтшылдық, түркішілдік ұғымдарын қолдамады.

XIX ғасырдың 60-80 жылдарында Бөкей Ордасында Жәңгір хан мектеп ашса, Ыбырай Алтынсарин Н. Ильминскийдің саясаты негізінде қазақ мектептерін ұйымдастырды. Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбайұлы сынды дара таланттар тұтас қоғамның жаңғыруына ықпал ете алмады. Олар – отарлық саясаттың құрбанына айналды.

ҚР ҰҒА академигі Мәмбет Қойгелдиев қазақ ұлтшылдығының қалыптасуы турасында: «XX ғасыр басындағы орыс билігі астындағы қазақ қоғамының алдында тұрған ең басты міндет – бұл, әрине, ұлттық тәуелсіздікке ұмтылу, мемлекеттік дербестікке қол жеткізу, сол арқылы қазақ жерін отарлаушы күштердің меншігіне біржола өтіп кетуден және жас ұрпақты ұлттық негізден қол үзіп орыстанып кетуден сақтау еді», – деп жазған болатын. [1, 211]. Болашақ нәсілдің орыстанудан, шоқынудан сақтау үшін зиялылар топтаса, топтала бастағаны – тарихи шындық. Тегінде, қазақ қоғамының ұлт ретінде ұйысуы, зиялылардың бірігуі, бір арнаға жиналуы – «Қарқаралы құзырхаты» (Петиция) құжатының қабылданған сәтінен басталады. Яғни, 1905 жылдың маусымында Қоянды жәрмеңкесінде барлық қазақ зиялыларының қол қойып, қарсылық танытқан «Қарқаралы петициясы» деген құжат жазылған күннен кейін саяси қозғалысқа айналды. Орыс патшасына жер, тіл, дін, оқу-ағарту, құн салығынан босату, мұсылмандық еркіндік мәселесі бойынша проблемаларды қамтыған құжатты жолдаған. Құқықтық-саяси қарсылық манифесі саналатын құжатқа 12747 кісі қол қойған болатын<sup>13</sup>.

1911 жылы «Айқап» журналы мен «Қазақстан» газеті, 1913 жылы «Қазақ» газеті, 1917 жылы «Сарыарқа» газеті мен «Абай» журналы жарық көріп, «қазақ ұлттық баспасөзі» деген ұғымды қалыптастырған. Қазақ баспасөзі – сауатсыз халықтың саяси көзқарасын ашып, тарихи дүниетанымын кеңейтті. Осы аталған басылымдарда қазақ оқығандары ұлтшылдық, түркішілдік және мұсылманшылдық турасында мақалалар жазып, өзара пікірталасқа түсіп, ой және көзқарас қайшылығын тудырады. Мысалы, «Айқап» (1911-1915) журналы мен «Қазақ» газетінің (1913-1918) бетінде көшпелі өмір мен отыршылықтағы өмір мәселесі қызу талқыға ұласты. Талқының басты себебі – мына ұлан-ғайыр даланы отырықшылық өмірге бейімделе отырып сақтау, жерінің әр тасын, тауын қорғау болатын.

Қазақ ұлтшылдығының жарқын үлгісін Алаш ұранды әдебиеттен<sup>14</sup> анық байқаймыз. Алаш ұранын тастаған, теңдік іздеген әрі ақын, әрі қайраткер ретінде танылған Ахмет Байтұрсынұлы, Ғұмар Қараш, Міржақып Дулатұлы, Мағжан Жұмабай, Сұлтанмахмұт Торайғыр, Жүсіпбек Аймауытұлы, т.б. шығармаларында бұрынғы ақын-жыраулар поэзиясындағы ұлттық рух пен елшілдікті жаңғыртып, Қазтуған жырау, Доспамбет жырау, Бұқар жырау, Махамбеттердің отты жырларының өрнегін, түркілік сарынын кестелеген. Мысалы, XX ғасыр басындағы азат ұранды әдебиетте XV-XIX ғасырларда өмір сүрген ақын-жыраулардың поэзиясындағы ой мазмұн, түр жағынан трансформацияланып, жаңа түрпатты «Мен» лирикалық қаһарман бейнесін сомдады. Алаш әдебиетіндегі «Мен» – жанын, жүрегін туған жұртына арнаған, өмірін өлімге бағыштаған күрескердің жиынтық образы. «Мен» лирикалық қаһарманы арқылы көрініс тапқан ұлтшылдықтың озық үлгілеріне назар аударайық:

**Ахмет Байтұрсынұлы:**

«Тән көмілер, көмілмес еткен ісім,  
Ойлайтындар мен емес бір күнгісін.  
Жұрт ұқпаса, ұқпасын жабықпаймын,  
Ел – бүгіншіл, менікі – ертең үшін!»

**Міржақып Дулатұлы:**

«Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш,  
Емеспін жемісі көп тамаша ағаш.

<sup>13</sup> Өзбекұлы Сәкен, Байгелова Нұргүл, «Қарқаралы петициясы» және демократиялық қозғалыс. – Алматы, 2007. – 160 б.

<sup>14</sup> ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Рымғали Нұрғалидің тұжырымы

Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі –  
Пайдалан, шаруаңа жараса, Алаш!»

**Мағжан Жұмабай:**

«Не көрсем де, алаш үшін көргенім,  
Маған атақ – ұлтым үшін өлгенім!  
Мен өлсем де, алаш өлмес, көркейер,  
Істей берсін қолдарынан келгенін!»

**Сұлтанмахмұт Торайғыр:**

«Өлер жерден кеттік біз,  
Бұл заманға жеттік біз!  
Жасайды, алаш, өлмейміз!  
Жасасын, Алаш, жасасын!»

Бұл – лирикалық қаһарманның жан дауысы. Азаматтық биік пафосты жырлар. Жоғарыдағы мысалға алынған төрт ақынның өлеңіндегі ортақ мотиві – қазақ мүддесі үшін күрес. Алаш әдебиеті лириканың саяси лирика, азаматтық лирика сияқты түрлерін дамытып, мазмұн, форма жағынан байытты. Төрт өлеңнің ортақ мазмұны – жаугершілік замандағы асқақ рухты тірілту, намыс пен жігерді жану. Ұлттық мінезді шығармалардың жалпы пафосынан, рухынан лирикалық тұлға бітімін анық байқауға болады.

Қазақтың үлкен жазушысы, ғалым Жүсіпбек Аймауытұлы: «Ұлтын шын сүйіп, аянбай қызмет қылған азаматы көп жұрт күшті, өнерлі, білімді жұрт болып, күресте тең түсіп, басқаларға өзін елетіп отыр. Ұлты үшін құрмет қылмай, бас қамын ойлап жүрген азаматтардың елі артта қалып отыр. Ұлтшыл жұрттар, әне, Германия, Япония, Англия, Түркиялар, олардың баласы жасынан «ұлтым» деп өседі. Есейген соң бар білімін, күшін өз жұртының күшеюіне жұмсайды. Олардың әр адамы – мемлекеттің керегі, қызметкері» [2, 342], – деп ұлтты сүюдің формуласын жазып, ұлтшылдықтың не екенін оқырманға ұғындырған.

«Ұлтшылдық» мәселесі талқыланғанда Алаш тұлғасы Мәннан Тұрғанбайұлы: «Қазақ қатарға кіріп жұрт болсын деген кісі тәрбиенің жолынан айрылмасқа керек, әуелі қазаққа өзінің кім екенін, адамшылық құқығын білдіруге, онан соң жақын ағайын, туғандарын сүйгізіп, міндетсіз қызмет қылдыруға, онан соң Отанын танытып, жақсы көргізуге, ұлт жұмысы, жұрт намысы деген сөзді тоқып көңіліне кіргізуге, сонан соң дүниедегі барлық адам баласы бауыр екенін білдіріп, көпшіл адамды сүйгіш қылуға тырысу керек. Ұлтшылдық(ты), кісішілдікті айыра білмеген, бас пайдасынан басқаны ойына алмаған, дін хұқымы шарифатқа бас иіп іске асырмаған, әдебиеттен жырақ жатқан қазақ секілді жұртты салғаннан көпшіл қылам демей, әуелі ұлтшыл қылу керек», – деп өз пікірін білдірген болатын [3, 90]. Қазақ баспасөзі негізінде оқығандар ұлтшылдық туралы ойларын ортаға салып, өзін де, өзгелерді де тәрбиелеп, азат ойлы, еркіндікке құштар жастар легін ұлттық мүдде маңайына топтастырды. Анығында, Алаш ұранды кезең – қазақ қоғамының ренессанстық сипатта өзгеріске, жаңашылдыққа ұмтылған мезеті.

Өз заманында қазақ ұлтшылдығының рухани көсемі атанған Ахмет Байтұрсынұлы: «Қазақ қалам қайраткерлері қаламын ұлтының ауырын жеңілту, ауырын азайту жолына жұмсамасқа мүмкін емес: кемшілік көрген жұрттан туып, кемшіліктен құтқаруды мақсат етіп, ылғи сол жолда жұмыс қылған қазақ қалам қайраткерлері жұртшыл, ұлтшыл, яғни халқына жаны ашитын, халқының жаны ауырғанда жаны бірге күйзелетін, бауырмал болмасқа тағы мүмкін емес», – деп жазады [4, 277-б.]. Ұлт ұстазының осы сөзі Орынбор, Омбы, Томбы, Троицк, Мәскеу, Петербор, Варшава, Ыстанбұл, Мысыр сияқты жер-жерде ілім іздеп, білім алып жатқан қаншама қазақ жасының жүрегіне жетіп, өмірлік миссияларын ұқтырған-ды. Алаш кезеңінде жазылған әр өлең, әр мақала, әр көркем шығармада елшілік, ұлтшылдық сипатын, сарынын сезуге болады.

Қазақ оқығандарының түркшілдік турасындағы көзқарастары Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Халел Досмұхамедұлы, Ғұмар Қарашұлы, Абдолла

Байтасұлы, Мағжан Жұмабай, Мұстафа Шоқай, Қошке Кемеңгерұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Смағұл Сәдуақасұлы, т.б. қаламгерлердің шығармаларында көрініс тапқан.

Мағжан Жұмабайұлының «Түркістан» көлемді өлеңі – Түркістан қаласына емес, тұтас Түркістан өлкесіне арналған түркшілдік сарындағы рухты жыр. Бұл жырда отарлық қамытты киіп, бабалар рухынан, мінезінен айырылған сорлы халықтың шерменде күйін шерлі сөзбен жеткізе отырып, бұрынғы тектілер жүрген Тұранның Шыңғыс хан, Әмір Темір, Абылай хан, Кенесары хан сынды көсемдерінің аттарын атап, ерліктерін ұлықтаған. Ақынның «Түркістан», «Тез барам», «Орал тауы», «Пайғамбар», «Алыстағы бауырыма» сияқты түркшілдік рух сипатында жазылған өлеңдерінде түрк тілдес халықтардың тамыры бір ортақ тарихы, айбатты да айбарлы шағы, қасиетінен, киесінен айырылып, құл болған кезіндегі қасіреті, арман-тілегі бар. Сонымен қатар «Қорқыт», «Ертегі», «Қойлыбайдың қобызы», «Оқжетпестің қиясында» секілді поэмаларында да байырғы түгел түркінің жаугершілік замандағы ерлігі, елі мен жерін қорғаған қаһармандық өнегесі жырланған.

Түркшілдік Түркістан республикасында кең қолданысқа енген. Түркістандағы жәдитшілік қозғалысының жетекшісі болған Мүнәууар Қари 1919 жылы Ташкентте «Иттихат ва Таракки» жасырын ұйымын құрған. Ұйымның Тұрар Рысқұлов, Садуллах Тұрсынхожаев, Низам Хожаев, Абиджан Махмут, Убайдулла Хожаев, т.б. азаматтар мүшелігіне өтіп, Османлыда құрылған партиямен байланыс жасап, Түркістан топырағын қорғауға әрекет жасаған болатын. Түркістан қайраткерлері коммунистік партияға өтіп, ұлттың болмысын сақтап қаламыз деп түсінгенімен, большевиктік билік өкілдері оларға сенім білдірмеді.

Түркшілдік, ұлтшылдық мәселесі 1920-1925 жылдары Ташкентте жарыққа шыққан «Ақжол» газетінің әр санында өткір мысал, намысты сөздермен жиі қозғалатын. Бұл басылымға Халел Досмұхамедұлы, Міржақып Дулатұлы, Нәзір Төреқұлұлы, Сұлтанбек Қожанұлы, Қошке Кемеңгерұлы, Ғазымбек Бірімжанұлы сынды қазақтың аға буыны мен кейінгі толқыны Түркістан республикасын сақтауға, топырақ, жер үшін басын бәйгеге тігіп, большевизмге қарсы батыл үн қосқан. Ташкентте құрылған «Талап» қоғамы Түркістан жастарының рухани-мәдени дамуына, елшіл, түркшіл азамат болуларына зор еңбек сіңірген болатын.

Түркшілдік мәселесі Мұстафа Шоқайдың эмиграцияда (мұғажырлық) шығарған «Иені Түркістан», «Яш Түркістан», сосын советтік қоғамнан аластатылған зиялылар шығарған «Милли Түркістан», «Түркістан» басылымдарында жиі-жиі жазылған. Түркшілдік – большевизм, шовинизм саясатына қарсы бағытталған күресті жандандырған әрекет. Советтердің қанмен орнатқан билігіне шыдамай Еуропаның түрлі елдерінде кеткен зиялылар Түркістан тәуелсіздігі идеясын насихаттайтын бірқатар газет-журнал ұйымдастырды. Ленин, Сталин саясатын әшкерелеген түркшілдік бағыттағы «Милли Түркістан» (Ұлттық Түркістан) (1942-1975, Берлин / Дюселдор/шығарушысы – Уәли Қаюмхан); «Милли адабият» (Ұлттық әдебиет) (1943- 1945, Берлин/шығарушысы – Уәли Қаюмхан пен Қобызшы Қорқыт (Мәжит Айтбаев – қазақ); «Озод Түркистан» (Азат Түркістан) (1954, Қахыра/ шығарушысы – Мехмет Емин Түркістани); «Түркістан» (1953, Стамбұл/шығарушысы – Мехмет Емин Бұфра мен Зияеддин Бабақұрбан); «Түркістан сеси» (Түркістан дауысы) (1956-1957, Анкара/ шығарушысы – Мехмет Емин Бұфра) «Бүйүк Түркели» (Ұлы Түрікелі) (1962, Измир/шығарушысы – Хасан Оралтай – Шығыс Түркістаннан Анадольға босып көшкен қазақ) басылымдарда ортақ мәселе жан-жақты талқыланып, Совет Одағындағы жаңалықтар жазылып, репрессияланған Түркістан зиялыларының тағдыры туралы мақалалар басылған болатын.

Өкінішке қарай, қазақ тарихы мен әдебиеті ғылымында эмиграция тақырыбы зерттеу нысанына айналмағандықтан, Мұстафа Шоқайдың және оның маңайына топтасқан Мәжит Айтбаев, Хамза Абдуллин, т.б. қазақ жастарының шығармашылығы толыққанды зерттелмеді. Эмиграциялық әдебиетімізде Қазақстанға Совет билігі орнаған шақта (1922-1930) зиялыларымыз айта алмаған ортақ түрк тарихы, Түркістан өлкесінің мәселесі, ақын-жазушылардың ұлтшылдық, түркшілдік бағытындағы көпке беймәлім шығармалары бар.

Мұсылманшылдық мәселесі Алаш қозғалысының бір тармағы болғаны анық. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетін зерттеушілер екі үлкен топқа бөліп, жіктеген. Біріншісі – діндарлық әдебиет, екіншісі – ұлтшылдық әдебиет. Діндарлық әдебиеттің басында тұрған Мәшһүр Жүсіп Көбейұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Нұржан Наушабайұлы, Нарманбет Орманбетұлы, Мақыш Қалтайұлы, Бекет Өтетілеуұлы, Ғұмар Қараш, т.с.с. кітаби ақындарымыздың қай-қайсысы да бұрмаланған дінге, шұбарланған тілге, тарылған жерге, қорлық көрген елге, итжеккенге айдалған ерге, отаршылдық зорлық-зомбылыққа қарсы жыр жазған. Қазақ мұсылманшылдығын қалыптастырған ақындарымыз Алаш сиездеріне қатысып, Алаш үкіметі мен партиясын қолдап арнау өлеңдер арнаған. Мәшһүр Жүсіп, Шәкәрім, Ғұмар, Нарманбет, Нұржан шығармаларында ұлтты сүю, ұлтшыл болу, түркішіл болу ұғымдарын философиялық оймен астастыра суреттеген.

Жалпылай айтқанда, қазақ мұсылманшылдығы – оқуға, теңдікке шақыру, әйел құқығын шектемеу, Жаратқанды тану, құлшылықты жария емес, жүрек ісі деп тануға бағытталған көркем амал екенін анық байқауға болады.

### ТАЛҚЫЛАУ

Түркілік таным, ұлттық құндылық және ұлт мұраты сөздерінің мағынасын, халық алдындағы оқыған азаматтың жауапкершілігін жақсы түсініп, терең сезінген Алаш арыстары 1905-1920 жылдар аралығында ұлт-азаттық қозғалысын ұйымдастырды. Ал осы қозғалыстың XX ғасыр басындағы түрк әлемі қозғалыстарынан айырмашылығы мен өзгешелігі бар-тын.

Алаштанушы-ғалым Ербол Тілешов: «Қозғалыстың жалпыұлттық сипатқа айналуына бір емес, бірнеше жылдардың қажет болары дамудың табиғи жолы. Сондықтан Алаш қозғалысының өрістеу, даму сипатына ой жүгірте отырып, оны іштей үш кезеңге бөлуге болатын сияқты. Бірінші кезең – 1905-1912 жылдар, екінші кезең – 1913-1916 жылдар, үшінші кезең – 1917-1920 жылдар», – деп қазақ ұлт-азаттық қозғалысын үш кезеңге бөлген болатын [5, 315]. Ғалымның пікірін ескере отырып, қазақ ұлт-азаттық қозғалысының өзіне тән ерекшелігін анықтап өтейік:

Біріншіден, Алаш қозғалысы – қазіргі Қазақстан Республикасының терриориясын толық қамтыған жалпыұлттық қозғалыс.

Екіншіден, Алаш қозғалысының 1905-1912 жылдарында халықтың санасын, көзқарасын ояту, оқығандардың бірлігін нығайту жұмыстары жүрген болатын. 1909 жылы Абай Құнанбайұлының өлеңдер жинағы, Ахмет Байтұрсынұлының «Қырық мысал» аудармалар жинағы, Міржақып Дулатұлының «Оян, қазақ» өлеңдер кітабы жарыққа шығып, қазақ қоғамына рухани сілкініс жасады. Бір ғана «Оян, қазақтың» өзі тек қазақ қоғамының ғана емес, түрк дүниесінің, шығыс халықтары әлемінің де дүр сілкінуіне зор ықпалын тигізді. «Оян, қазақ» кітабының артынан іле-шала қызылжарлық ақын Байбатыр Ержанұлының 1914 жылы Қазанда «Тұр, қазақ!», Әбілқасым Арғынидің Ташкентте 1917 жылы «Жатпа, қазақ!» кітаптары жарыққа шығып, Түркістан өлкесінде «Оян» мотивін қалыптастырады. Өзбек шайырлары әрі қайраткерлері саналатын А. Фитрат, Шолпандар да ұлтын оянуға шақырған болатын.

Үшіншіден, Алаш зиялылары түрк әлемінің ортақ тіл мәселесіне қосылмады. Түркі тілдес халықтардың ішінде ең таза, ең бай тіл – қазақ тілі екенін ескеріп, ортақ тіл – қазақ тілі болсын деген талапты қойды. Қазақ тілінің әдеби тілге айналуына зор еңбек сіңірді. 1911-1918 жылдары қазақтың жазба әдеби тіліндегі публицистикалық стиль қалыптасты. Алаш баспасөзінен қазақ сөзінің қоғамдық-әлеуметтік саланың әртүрін көрсететін лексиканың стильдік реңктері көрініс берді. Бұл ретте дәрігер, жазушы-драматург, қайраткер Қошқе Кемеңгерұлының сөзіне жүгінгеніміз орынды болар: «Үкіметтің қара қуғын жасаған күндерінде, айдауына да, абақтысына да шыдап, ел үшін басын құрбан қылған ат төбеліндей ғана азамат тобы болды. Бұл топты баулыған – Әлихан. Әлиханның қазақ еліне істеген тарихи қызметі: әдеби тілдің тууына себеп болды, өзіне ерген топты діни фанатизмге қарсы тәрбиеледі. Бұдан барып татардан іргесін аулақ салған қазақ ұлты туды» [6, 44]. Міне, осы

пікірде айтылғандай азаттық қозғалысының өкілдері қазақ ұлтының ұлттық болмысын сақтауда, қорғауда күш-жігерін аяп қалмады.

Төртіншіден, азаттық қозғалысының өкілдері қазақ қоғамындағы діни рәсімдер мен құлшылықтардың жүйеленуіне, шариғат заңы мен талаптарын орындауды реттеу мақсатында мүфтилік басқармасын құруды, дінді мемлекет ісінен бөлек қарауды тапсырып, зайырлы да демократиялық мемлекет құрады. Бұл сөзімізді ҚР ҰҒА академигі Дихан Қамзабекұлының «Мұсылмандық ағартушылыққа түсініспеншілікпен қараған Ө. Бөкейханның саяси-қоғамдық қызметі мен саналы ғұмырындағы әріптестері мен пікірлестерінің ішінде А. Байтұрсынұлы мен М. Дулатұлының орны бөлек. Осы тұлғалардың қай-қайсысы да халықты ағартуға, оятуға бағыт ұстаған. Ешқайсысы дінсіз де өмір сүреміз демейді. Қайта дінді сақтауды ұлтты сақтаумен тең қарайды» деген пікірі растай түседі [7, 123].

Бесіншіден, Алаш қозғалысы – тек отарлық саясатқа қарсы шыққан саяси қозғалыс қана емес, ағартушылық ісін дамытқан, қоғамды сауаттандыруға, рухани-мәдени дамытуға бағытталған инерциялық қозғалыс. Алаш қозғалысының 1913-1920 жылдарында қазақ тілінде түрлі әдеби жанрлардағы шығармалар жазылып, мектеп бағдарламасына арналған пән оқулықтары мен оқу құралдары даярланды.

Алаш ұлт-азаттық қозғалысының басқа қозғалыстардан басты айырмашылығы – қазақ жазуына реформа жасағаны, төл әліпбиімізді түзгені (Ахмет Байтұрсынұлы араб жазуы негізінде қазақ жазуын түзіп, әліпби жасады). XX ғасырдың алғашқы онжылдығында басқа түркі тілдес халықтардың бірде-бірінде төл әліпбиі болмады, олардың бәрі «шағатай жазуы» деп аталатын ортақ жазуды пайдаланған.

ҚР ҰҒА академигі Кеңес Нұрпейісұлы: «Советтік негіздегі, пролетариат диктатурасы түріндегі ұлттық мемлекеттікті қабылдамаған, оған қарсы тұрған басқа да ұлттық қоғамдық-саяси қозғалыстар сияқты Алаш қозғалысы, оның 1917-1920 жылдардағы құрамдас бөлігі болған саяси партия ретіндегі Алаш, автономия (қазақ мемлекеттілігінің) үкіметі – Алашорда, олардың халық таныған көсемдері тарих сахнасынан, саяси күрес аренасынан осылай күштеп қуылды», – деген [8, 227-б.] пікірін келтіре отырып, ұлттық-демократиялық интеллигенциямыз 1905-1920 жылдары саяси модернизациялық өзгеріске батыл қадам жасап, 1847 жылы жойылған Қазақ хандығының іргесін жаңа тұрпатты мемлекет ретінде қайта жаңғыртып, ұлттық үкімет құрып, территориясын бекітіп, жер көлемін анықтағанын баса айтқымыз келеді. Ал 1921-1991 жылға дейінгі жағдайға сәйкес, бұл мәселе жіті зерттеуді талап ететіні мәлім.

Қазақ ұлтшылдығы, түрікшілдігі және мұсылманшылығының қалай қалыптасқанын сөз барысында санамалап атап өттік. Шын мәнінде қазақ оқығандары саясат сахнасына мәжбүрліктен, елдің ауыр жағдайын көргеннен кейін ғана араласқан болатын. Бұл ретте пікірімізді ақын, журналист, жазушы ретінде танылып, кейіннен мемлекет және қоғам қайраткері дәрежесіне көтерілген тұлға, Алаш үкіметі құрылған тұста «Алаш» атты әскерінің полкын құрысқан әскери күрескер Міржақып Дулатұлының «Бізді ұлтшыл қылған – кемдікте, қорлықта жүргеніміз, көрінгеннен соққы жегеніміз еді» деген сөзі қуаттай түседі [9, 24]. Зорлық-зомбылықтағы халықтың қасіретті тағдыры – еуропалық көзқарастағы полиглот, жан-жақты білімді, зиялы азаматтардың мойнына парыз жүгін аманат ретінде арқалатты.

«Қарқаралы құзырхаты» құжаты жазылғаннан кейін қазақ азаматтары мемлекеттік саясатқа белсене араласа бастағанын көреміз. Отарлық саясатты сынап, патшалық үкіметтің аграрлық реформасын, ішкі Ресейден қарашекпенділерді қоныстыруға қарсы әрекетке шыққан қазақ арыстары I, II Мемлекеттік Думаға мүше (Ө. Бөкейхан, Б. Қаратаев, М.Тынышбайұлы, А. Бірімжан, А. Қалменұлы, Б. Құлманұлы, Ш. Қосшығұлұлы, С.Жантөрин, Т. Нұрекенұлы, Т. Аллабергенұлы) болып, депутат ретінде Түркістан өлкесінің хал-ахуалын, топырақ мәселесін, қоныстандыру саясатының қателіктерін әшкерелеген.

Ұлт-азаттық қозғалысының өкілдері қазіргі Қазақстан Республикасының территориялық тұтастығын анықтап, шекарасын шегендеуде (Ө. Бөкейхан, Б. Сырттанұлы, А. Байтұрсынұлы, Ж. Ақбайұлы, М. Дулатұлы, Ж. Досмұхамедұлы, Х. Досмұхамедұлы,



Ә.Ермеков т.б.) айрықша еңбек сіңірген болатын. Сонымен қатар Алаш ғалымдары бүгінгі Қазақстанның жер асты, жер үсті пайдалы қазбаларын зерттеуде (Ә. Бөкейхан, Қ. Сәтбаев т.б.), топырақтың құнарлығы мен ауыл шаруашылығына қолдану жағдайын анықтауда (Ә.Бөкейхан, М. Есболұлы, С. Сабатайұлы, т.б.), мал шаруашылығын, асыл тұқымды малды өсіру туралы (Ә. Бөкейхан, Ж. Күдеріұлы, Қ. Кемеңгерұлы, Ғ. Бірімжанұлы, т.б.) еңбектер жазып, ғылыми экспедицияларға қатысып, картасын даярлады.

Қазақтың ұлттық болмысы мен қалыбын сақтауға арналған күрес жылдарында түркішілдік, ұлтшылдық және мұсылманшылдық қараша халықтың бірігуіне, оянуына оң ықпалын тигізді. Қазақтың салт-дәстүріне реформалық өзгерістер жасалып, әйел баласына құқығы беріліп, оқу-ілім алуына мүмкіндік туды. Қазақ қоғамында оқу сауаттылығы артып, демографиялық тұрғыдан халықтың жан саны өсті.

Ұлт-азаттық қозғалысының нәтижесі – 1917 жылғы 12 желтоқсанда құрылған Алаш ұлттық-территориялық автономиясы мен Алаш Орда Ұлт кеңесі (Үкіметі). Алаш оқымыстыларының құқықтық көзқарасының концепциясы түрлі нысанда (мақала, баяндама, саяси-теориялық сараптама, конституциялық құжат) жазылғанымен, ортақ мақсаты қазақ елінің азаттығына қызмет етуге бағытталған, ұлттық мемлекет құрудағы ғылыми доктрина дәрежесіне жеткен. «Алаш» партиясының жарғысы ХХ ғасырдың алғашқы ширегіндегі идеялық-теориялық ілімінің жетістігі деп танығанымыз жөн.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Патшалық Ресейдегі азаматтық қоғамның толқуы, ішкі күштердің қақтығысы, сыртқы ықпалды топтың көтерілісшілерді қайта-қайта қаржылай қолдап отыруы – монархиялық биліктің әлсіреуіне, кейіннен құлауына әсер етті. Ресейдегі қақтығыстар, 1905 жылғы Бірінші орыс революциясы қазақ оқығандарының бір ту, бір идея астына жиналуына мүмкіндік тудырды. Еділ-Орал, Кавказ тауларындағы мұсылман-түркілер де жиналып, азаттық қозғалысын ұйымдастыра бастауы – қазақ азаматтарының елдік санасын шұғыл қалыптасуына негіз болады.

Отарлық саясат бүкіл Түркістан өлкесінің қоғамдық сипатын өзгертті. Оқығандардың жалынды сөздері бұқараны оятып, жаңа қоғамның талабына бейімдетті. Түркішілдік, мұсылманшылдық және ұлтшылдық сезімдері халықтың бойына сіңді. Ұлттық иммунитетін күшейтті. Алым-салықтың қысымынан, түрлі зорлық-зомбылықтың озбырлығынан шаршаған халық бас көтеріп, оқығандардың тобына қосылды. Дәулетті, мал-мүлкі мен қаржысы бар ақсүйектер қазақ буржуазиялық қоғамының құрылуына ниеттес болады. Бұл – ұлттық демократиялық мемлекет құруға талпынған кезең.

Патшалық биліктің отарлық саясаты, кейінгі Советтік жүйенің шовинизм идеологиясы түркілік таным мен ұлттық рухтан айыруға күш салса да негізі мен діңгегі мықты, өзегі қуатты Алаш идеясы Тәуелсіз Қазақстанға Сталин түрмесінен аман-есен жетті.

Қорыта айтсақ, Алаш күрескерлері қалыптастырған түркілік таным дегеніміз – ұлтымыздың идентификациясын сақтау, ортақ құндылығымызды (тіл, тарих, әдеби мұра, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, наным-сенім) қорғау, халықтың өзіне тән мінезін тану дегенді білдіреді.

## ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Мақала АР13067966 «Алаш идеясының индексі және жаһандық мәдениеттегі интерпретациясы (Ахмет Байтұрсынұлы аудармалары негізінде)» тақырыбындағы 2022-2024 жж. жас ғалымдарға арналған гранттық қаржыландыру жобасы аясында жазылған.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Бірінші том. Монография. – Алматы: Мектеп, 2008. – 480 б.
- 2 Аймауытұлы Ж.Шығармалар жинағы. Т- б. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б.
- 3 Алаш көсемі. Т – 8. «Абай» журналы. – Алматы: Өнер, 2011. – 384 б.
- 4 Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал (Құраст.: проф. Р. Сыздықова), Алматы, 1991. – 320 б.
- 5 Тілешов Е. Қайнар. – Алматы, ЖК Айдарғазин Е.С., 2016. – 376 б.
- 6 Кемеңгерұлы Қ. Таңдамалы. – Алматы: Өлке, 2002. – 240 б.
- 7 Қамзабекұлы Д., Омарұлы Б., Шәріп А. Ұлттық әдебиет және дәстүрлі ментальдік. – Алматы: Арна – В, 2013. – 192 б.
- 8 Нұрпейісұлы К. Алаш ақиқаты. Монография. – Алматы: Ан Арыс, 2010. – 424 б.
- 9 Дулатұлы М. Алашым – ардағым. – Алматы: Мектеп, 2016. – 186 б.

Материал 16.08.2023 баспаға түсті

## REFERENCES

- 1 Koygeldiev M. Alash movement. The first volume. Monograph. - Almaty: School, 2008. - 480 p. [in Kazakh]
- 2 Aimauytuly J. Collection of works. T-6. - Almaty: El-shezhire, 2013. - 384 p. [in Kazakh]
- 3 Alash leader. T - 8. «Abay» magazine. - Almaty: Art, 2011. - 384 p. [in Kazakh]
- 4 Baitursynuly A. Language tool (Compiler: Prof. R. Syzdykova), Almaty, 1991. - 320 p. [in Kazakh]
- 5 Tileshov E. Source. - Almaty, JK Aidargazin E.S., 2016. - 376 p. [in Kazakh]
- 6 Kemengeruly K. Optional. - Almaty: Ulke, 2002. - 240 p. [in Kazakh]
- 7 Kamzabekuly D., Omaruly B., Sharip A. National literature and traditional mentality. - Almaty: Arna - B, 2013. - 192 p. [in Kazakh]
- 8 Nurpeyisuly K. The truth of Alash. Monograph. - Almaty: An Arys, 2010. - 424 p. [in Kazakh]
- 9 Dulatuly M. Alashym is my honor. - Almaty: School, 2016. - 186 p. [in Kazakh]

### **Алаш и тюркское познание**

Е. Тоқтарбай

Университет имени Шакарима г Семей, Семей, 071400, Республика Казахстан

*В основе статьи лежат идеи произведений алашских лидеров, касающиеся проблем модернизации, национального пробуждения в тюркском обществе начала XX века. Всесторонне анализируются взгляды интеллектуалов на сохранение, защиту национальной идентичности (нравов и реалий) нации, противоречия и дискуссии. В статье автор руководствуется научными трудами ученых-алашистов, анализирует их точки зрения.*

*Основная цель статьи – выявить в алашской литературе проблему алаш и яркий пример казахского национализма. Также следует отметить, что ученые, организовавшие алашское национально-освободительное движение, заложили фундамент нового казахского государства. Кроме того, проанализированы произведения деятелей Алашских лидеров А. Байтұрсынова, М. Дулатова, М. Жумабаева, С. Торайғырова, одновременно раскрыт вопрос «тюркского познания» и его смысл.*

*Ключевые слова: идея алаш, национально-освободительные движения, тюркское познание, проблема национализма, национальная идентичность, алашская литература.*

Материал поступил в редакцию журнала 16.08.2023

## **Alash and Turkic Cognition**

E. Toktarbay

Shakarim University of Semey, Semey, 071400, Republic of Kazakhstan

*The article is based on the works of Alash leaders, the problems of modernization, national awakening in the Turkic society of the early twentieth century. The research analyzes views of intellectuals on the preservation and protection of the national identity (dispositions and realities) of the nation and the contradictions of thought and discussion. The article is guided by the scientific works of Alash scientists and analyzes opinions.*

*The main purpose and objective of the article is to identify the Alash problem and a vivid example of Kazakh nationalism in the Alash literature. It should also be noted that the scientists who organized the Alash national liberation movement laid the foundation of the new Kazakh state.*

*In addition, the works of Alash leaders such as A. Baitursynov, M. Dulatov, M. Zhumabaev, S. Toraigyrov will answer the questions about Turkic knowledge and its meaning.*

*Key words: The idea of Alash, national liberation movements, Turkic cognition, the problem of nationalism, national identity, Alash literature.*

Received: 16.08.2023